




Әлеуметтік есеп беру
Социальный отчет

2014



**Қазақстан-Ресей
біріккен көмір
өндіретін кәсіпорны**

Совместное
Казахстанско-Российское
предприятие по добыче угля

МАЗМҰНЫ.

ҮНДЕУ.	3
I. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ.	4
1.1. Сапа менеджментінің жүйесі.	5
1.2. Өндірістік жүйенің дамуы.	6
1.3. «Lean Six Sigma» бағдарламасы.	8
II. КОМПАНИЯ ЖӘНЕ ҚОҒАМ.	9
III.ӘЛЕУМЕТТІК-ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ.	10
3.1. Еңбек ақы төлеу жүйесі және жұмысшылардың ынталандыру.	10
3.2. Бірлескен мәдениет.	12
3.3. Құрамды оқыту және дамыту.	14
3.4. Мемлекеттік тілді дамыту және қолдану.	17
3.5. Кәсіподақпен өзара әрекеттену. Ұжымдық келісім-шарт.	18
3.6. Жастар саясаты.	20
IV.ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ.	21
4.1. Апатқа қарсы тұрақтылықты қамтамасыз ету.	21
4.2. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы саясат.	22
4.3. Өндірістік жарақаттану.	24
4.4. Денсаулық сақтау, кәсіби ауруларды алдын алу.	25
4.5. Бұқаралық спортты дамыту.	26
V. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ.	28
5.1. Экологиялық менеджмент жүйесі.	28
5.2. Табиғатты қорғау ішаралары.	28
5.3. Өндіріс қалдықтарының төмендеуі.	28
5.4. Топырақ құнарлығын қалпына келтіру.	29
ҚОРЫТЫНДЫ.	30



Құрметті серіктестіктер, әріптестер!

Сіздердің назарларыңызға Қазақстан-Ресей бірлескен «Богатырь Көмір» Компаниясы жұмысының төртінші әлеуметтік есеп беруін ұсынамын. Мен сенімдімін, оның жариялымы біздің ақпараттық айқындылығымызбен ашықтылығымыздың көтерілуіне маңызды қадамдардың бірі болады. Біз бірлескен әлеуметтік жауапкершілік – бұл кез келген кәсіпорын жұмысының маңызды ұстанымы екеніне сүйенеміз.

Біздің 2014 жылдағы жұмыс қорытындымыз алдымызға қойған барлық міндеттерімізді орындағанымызды айтады. Көмірдің 38 миллион тоннасын іске асыра отыра, өндіріспен сатылымның тұрақты көрсеткішін сақтап қалды. Қазақстан және Ресей Федерациясының энергия жүйелері үшін өнімнің ең сенімді және тексерілген жеткізушінің жаулап алған ұстанымдарын ұстап

қала алды. Бұл – Компанияның жетімындық еңбек ұжымының реттелген жұмыс нәтижесі.

Біздің жетістіктерімізбен табыстарымыз білікті құрамды сияқты, жас мамандарды да жұмыс орындарын және еңбек ақы төлеу деңгейін сақтаудың саясатын жүргізуге тартуға, жұмысшылардың толық демалысы үшін жағдайларын жақсартуға, сонымен қатар оларға Ұжымдық келісім-шартпен кепілдендірілген қосымша жеңілдіктер беруге бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды іске асырудың негізі болып табылады. Кәсіпорында дарынды – болашағы зор немесе тапшы мамандыққа ие жастарды тарту және бекіту мақсатында 2013 жылдың 1 қазанынан бастап баспана алу үшін жас, болашағы зор жұмысшыларға қарыз беру туралы жаңа Ереже енгізілді. 2014 жылы 42 жас маманға сомасы 215,1 млн.тенгеге қарыз бөлінді, оладың ішінде 20 адам – тапшы және төменгі жалақы төленетін мамандықтар (жол жөндеушісі, токарь, электр газды дәнекерлеуші).

2014 жылы «Богатырь Көмір» ЖШС, әлеуметтік –бағдарланған кәсіпорын сияқты, әр түрлі әлеуметтік жобаларды іске асыруда белсенділік танытты. Біздің Павлодар облысының және Екібастұз қаласының әкімдігімен өзараәрекеттенуіміз, былтырғы жылдағыдай, өзіне қоғамдық ұйымдардың қызметін қолдау, спорт және дене шынықтыруды дамыту, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлеріне, тұрғындардың аз қамсыздандырылған әлсіз жандарына көмек көрсету қатынастарындағы ерекше саясатты енгізетін әлеуметтік серіктестік туралы келісім негізінде құрылды.

Жыл сайын Компания бірнеше Ұлттық сыйақыларға қатысады: «Парыз», «Сенім», «АлтынЖүрек». 2014 жылы Компания «Сенім» байқауының «Жылдың ең үздік қауіпсіз кәсіпорны», аталымына, «Парыз» байқауының «Экологияға қосқан үлесі үшін» аталымына қатысты.


Бұл есеп беру- «Богатырь Көмір» және оның әр қызметкері 2014 жылы немен өмір сүргені туралы, кәсіпорын тұрақтылығына және адам өмірінің сапасына әсер еткен негізгі оқиғалар және жетістіктер туралы әңгіме. Сондықтан, жоғарыда айтылғандарымды қорытындылай келе, Компанияның еңбекшіл ұжымына тиімді және кәсіби жұмыс үшін ризашылығымды білдіргім келеді.

**Виктор Щукин,
«Богатырь Көмір» ЖШС бас директоры.**

I. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ.

«Богатырь Көмір» ЖШС — Қазақстандағы ашық тәсілмен көмір шығару бойынша ең ірі, серпінді дамушы кәсіпорын. Компания үлесіне Екібастұз көмір алыбында шығарылатын көмірдің жалпы өнімінен 63 пайыз тиесілі.

КӨМІРДІҢ НЕГІЗГІ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ



- 67,6% - Қазақстан Республикасы
- 32,4% - Ресей Федерациясы

2002 жылы 45 жылға мерзімге «Богатырь» және «Северный» кеніштері шегінде Екібастұз тас көмір кен қазбаларын шығаруға Қазақстан Республикасының энергетика және минералды ресурстар Министрлігімен келісім-шартқа отырды. Кәсіпорынның тау кен жұмыстарын өндіруге мерзімсіз лицензиясы бар.

Компания көмір шығарудың тиімділігін үнемі арттыруда. Кәсіпорынның болашақты дамыту бағдарламасы жасалды және табысты түрде іске асырылуда.

2014 жылы Компания Қазақстан және Ресей Федерациясының энергия жүйелеріне 38 миллион тонна көмір шығарып және артты.

Компания құрамына кіреді: «Богатырь» кеніші; Богатырь жүк тиеу-тасымалдау басқармасы; тау кен- көліктік жабдықтарды жөндеу бойынша Зауытты өзіне енгізетін Жөндеу бойынша дирекция, Энергиямен жабдықтау басқармасы, Темір жол жабдықтарын жөндеу бойынша басқарма; Автобаза; Технологиялық Көлік басқармасы; «Жасыбай» демалыс орталығы, Қоғамдық тамақтану комбинаты, Спорттық-сауықтыру кешені - әлеуметтік объектілері кіретін әлеуметтік даму басқармасы.

31.12.2014 жылғы жағдай бойынша Компанияда 6948 адам, 43 ұлт еңбек етті, оның ішінде:

- орыстар – 47,7 %

- қазақтар– 33,3 %
- украиндер– 8,85 %
- татарлар – 2,83 %
- немістер– 2,6 %

Жоғары білімді жұмысшылар – 21,5 %, орта-арнаулы білімді – 28,7%, орта біліммен – 49,8 %, экономикалық ғылым докторы - 1 адам.

1.1. Сапа менеджментінің жүйесі.

Компанияның дамуындағы ерекше рөлді «Сапа менеджментінің жүйесі» ISO 9001 стандартының талаптарымен сәйкес, 2006 жылдан сапа менеджментінің жүйесін әзірлеу және енгізу атқарды. Жалпы алғанда, кәсіпорынды басқарудың жүйесін және технологияны, өндірісті дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік берген талаптар, өнімнің бәсекеабілеттілігін жоғары сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Сертификация саласы көмір мен ұсақталған тастарды шығару және тасымалдау, сонымен қатар тау кен-технологиялық жабдықтарды жөндеу болып табылады.

ISO 9001 және ISO 14001 халықаралық стандарттарын енгізу қамтамасыз етеді:

- Компания қызметін жақсарту;
- клиенттердің қанағаттану дәрежесін көтеру;
- өнім сапасын арттыру;
- басқару нәтижелігін арттыру;
- құрамның нәтижелігін және жауапкершілігін арттыру;
- қоршаған ортаға жауапты қарым-қатынасты растау.

Сапа менеджменті жүйесінің жұмыс тиімділігі жыл сайын «Intertek Moody International» филиалы ЖШС сертифициаланатын органдармен өткізілетін сыртқы тәуелсіз аудиттер, сонымен қатар ішкі аудиттер барысында расталады. 2014 жылдың маусымында Компания сапа менеджментінің ISO 9001:2008 барлық талаптарына оның сәйкестігін растаған өз жүйесінің кезекті қадағалау аудитінен жақсы табысты өтті.



Сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігін арттыру үшін Компанияда жыл сайын жүйе талаптарына жұмысшыларды оқыту жүргізіледі. 2014 жылы Компанияның

желідегі басшыларымен бас технологтар ішінен 20 жұмысшы, «Сапа менеджменті жүйесіне үдерісті көзқарас» курсы бойынша оқытудан өтті.

Компанияда ҚР «Өнеркәсіптік қауіпсіздік және денсаулық менеджментінің жүйесі» OHSAS18001-2008 СТ, ГОСТ 12.0.230-2007 еңбекті қорғауды басқару жүйесі табысты енгізілді және әрекет етуде. 2014 жылдың 4 тоқсанында ISO 50001:2011 стандартының талаптарына сәйкес, энергетикалық менеджмент Жүйесі (ЭнМЖ) енгізілді.


1.2. Өндірістік жүйені дамыту.

Әлемдік экономика және нарық заңы бүгінгі күнде жоғары сапалы, төмен бағамен және тұтынушының талаптарына жауап беретін өнімді шығаруды қажет ететін өз шарттарын күштеп танытады. Нарық өзгеріске жылдам әрекет етуге қабілетті, тұтынушыларына бейімделген және тиімді компаниялар жеңетін жоғарықабілетті ортаны құрды. Компанияның бәсекегеқабілеттілігіне жүйелі тәсілге негізделген ұзақмерзімді келешекте тұрақты нәтижелер алуға бағытталған жүйе - өндірістік жүйе үлкен әсер етеді. Бұл жай ғана бизнес-үрдістерді жақсарту емес, өндіріске және қызметкерлермен және серіктестіктермен өзара қарым-қатынасқа деген көзқарастарды толық қайта қарау, ал ортасында – адам, оны дамыту және оқыту, жақсарту үдерісіне тарту.

2014 жылы «Богатырь Көмір» ЖШС өндірістік жүйені құру туралы шешім қабылданды (Bogatyr Production System). Оның кілттік элементтері:

1. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау
2. Сапа және технология
3. Персонал
4. Өз бағасы

Компанияда BPS кеңесі құрылды:



BPS кеңесі – Компанияда, жалпы алғанда, жүйені енгізу және күшейту бойынша стратегиялық шешімдер қабылдайды, бөлімшелер арасында үйлестіруді және өзара әрекеттенуді қамтамасыз етеді.

2014 жылы барлық негізгі технологиялық үрдістер қамтылған 16 эталонды учаскелер ұйымдастырылды. Учаскелердің мақсаты – құрамды оқыту, барлық бөлімшелерге әрі қарай тарату мақсатымен ең үздік тәжірибелерді меңгеріп алу және енгізу.

BPS негізгі міндеттерінің бірі- құрамды оқыту және тарту. ӨЖ - АЗ жобалары, кайзендер сияқты құралдарын пайдаланғанда, үрдістер дамығанда және шығындар төмендегенде жеке құрамның уәжі және тартылуы болады.



Өндірістік жүйе – бұл, Компанияның стратегиялық мақсаттарына жетуге, оның ұзақмерзімді өсуін және бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейін қолдауға мүмкіндік беретін ең үздік тәжірибелерді таңдау жән енгізу, құру және іздеу, білімдер базасын қалыптастыру механизмі.

Бүгінгі нарық жағдайында шығындарды төмендетуді көбейту міндеті қойылды. Нарық өндірістің тиімділігін тұрақты түрде көбейтуді талап етеді. Нарық талдауын өткізе отыра, Компания өз алдына келесі жылға нақты бизнес-мақсаттар қойды – өнімнің өзбағасын төмендетуснизить себестоимость, Компанияның жалпы тиімділігін және еңбек өнімділігін арттыру.

Бірінші қадам — бұл адамдарды дамыту, өйткені біреуге сүйену қажет. Компанияда барлық жұмыс істейтіндер төрт топқа бөлінген. Бірінші топ — топ-менеджмент, екінші топ— құрылымдық бөлімшелермен атқарушы аппараттың басшылары, үшінші — «кайзен»-командалар, қара және жасыл белдіктер, яғни, басшылар үшін жаттықтырушы болатын, жаңа жүйенің артықшылығын және оның дәстүрлі тәсілден өндірісті ұйымдастыруға дейінгі ерекшелігін көрсететін эталонды учаскелер құратын адамдар. Және төртінші, ең негізгі топ — мастерлер, бригадирлер және жұмысшылар. Барлық топтарды үрдіске тарту бойынша міндет қойылды, бірақ ең негізгісі – бұл мастерлермен бригадирлер тобын тарту.

Бірінші кезекте Компанияда жөндеулермен көмір шығару технологиясының барлық түрлері ұсынылған кілтті алаңдар таңдап алынды. Онда эталонды учаскелер жүйесі құрылған, яғни, біздің тапсырыс берушіге қажет дайын өнімнен қызмет көрсететін операцияларға дейін толассыз ағым салынды. Өндірістің барлық буындарында қандай мәселелер бары талданды, жалпы мәселемен жалпы мақсат қалыптасты.

Есеп беру кезеңінде Компания жұмысшыларымен 3201 «кайзен» - өтініштер берілді, оның ішінде іске асырылғаны 2918 - өткен жылға қарағанда 2,7 есе көп.

«Кайзеннің» ерекше өзгешеліктері - жақсарту бойынша қызметі тікелей жұмыс орындарында жоспарланатындығында және орындалатындығында. Осыған байланысты «кайзен» өндіріс келбетін тұрақты өзгерту бойынша қызметке құрамды тартуда тамаша құрал болып қызмет етеді.

«Богатырь Көмір» ЖШС бөлімшелерінде АЗ (А үш) жобасының 104 қорғаудан өтті, бұл 2013 жылға қатысты 40 жобаға көп. Күтілетін экономикалық әсер – 322,1 млн.тенге.

Берілген «кайзен» мен АЗ жобасының өсуі өндірістік жүйенің адамдарды ойлануға, жаңа идеялар және қызметкерде, өз кезегінде тікелей жұмыс орындарында күнделікті өндірістік міндеттерге аса тиімді шешімдер табуға мәжбүрлейтін жеке жауапкершілік сезімін дамытуға негізделген «ойланатын кадрларды» тәрбиелеу мәселесі бойынша міндеттерін шешуге көмектесетінін көрсетеді. Бұл жағдайда көмір басына сан емес, сапа қойылады, өйткені, сол кезде ғана өндіріс бағасының төмендеуін және тиімділіктің көтерілуін күтуге болады. Компанияда ынталандыру жүйесі әрекет етуде, есеп беру кезеңінде: «кайзен» өтініштерін қарауға берілгендердің және қабылданғандардың авторлары бекітілген ережеге сәйкес, сомасы 5,6 млн. тенгеге сыйақы алды, АЗ жобасының командаларының қатысушыларына төлем 14,6 млн.тенгеге жуық соманы құрады.

Өндірістік жүйе – бұл Компанияның стратегиялық мақсаттарына жетуге, оның ұзақмерзімді өсуін және бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейін қолдауға мүмкіндік беретін ең үздік тәжірибелерді таңдау жән енгізу, құру және іздеу, білімдер базасын қалыптастыру механизмі. Өндірістік жүйе – бұл қызметкерлерді өзінің күнделікті жұмысын басқаша ойлауға, үнемі тиімділікке ұмтылуға жігерлендіретін философия.

1.3. «Lean Six Sigma» бағдарламасы.

«Lean Six Sigma» жобасы 2011 жылдың наурызында бастау алды. Бұл жоғалтуды және өнімсіз шығындарды жоюға топталған «Берекелі өндіріс» және үдерістерді төмендетумен өнім сипаттамасын тұрақтандыруға бағытталған «Lean Six Sigma», сапасын басқарудың жүйесін біріктіретін интегралды тұжырымдама. Компания бұл тәжірибені енгізе отыра, өндірістік мәселелерді жылдам шешуді, сату, маркетинг, коммерциялық ұсыныстар есебі, бағаның құрылуы, тапсырыстарды өндеу сияқты үдерістерді сәтті реттеуді, сонымен қатар қаржы және еңбек ресурстарын басқаруды көздейді. жылдам шешімге сенім. Қазақстан көмір өнеркәсібінде мұндай жоба алғаш рет енгізілді. Ол жас және мақсатқа ұмтылғыш жұмысшыларға өзінің жасырын мүмкіндіктерін іске асыруға және соңында өзінің кәсіби мансабының биіктігіне жетуге мүмкіншілік береді.


Тұжырымдама мәні операциялық қызметтегі статистикалық ауытқулармен аздаған кемістіктерді, әр үрдістерден шығудың сапасын жақсарту қажеттілігіне саяды. Ол сапаны басқару әдістерін пайдаланады, оның ішінде, статистикалық, өлшенетін мақсаттар мен нәтижелерді пайдалануды талап етеді, сонымен қатар Компанияда мәселелерді жою және үрдістерді жетілдіру бойынша жобаларды жүзеге асыратын арнайы жұмыс топтарын құруды болжайды. Жобаларды енгізумен Жасыл және Қара белдіктер – жобаларының оқытылған менеджерлері басшылық етеді.

Жобаны енгізгеннен бастап, оқытудан Компанияның 81 жұмысшысы өтті, оның ішінде 2014 жылы - 21 адам. 2014 жылы, сонымен қатар, Жасыл белдіктер – жобалық командаларын оқыту жүргізілді – 52 адам. Қара белдік жобасы менеджерлерінің біліктілігі жеткен деңгейі Компнияға жаңа дәуірге шығуға мүмкіндік берді – қара белдіктердің 6 Мастерін дайындау. 2015 жылы, сертификацияны растағаннан кейін, олар, «Богатырь Көмір» ЖШС қызметкерлері үшін оқытатын тренингтерді өткізуді бастайды. Енгізуді бастаған кезең бойынша - 112 жоба, оның ішінде 2014 жылы – 40 жоба аяқталды.


Жобаларды енгізгеннен жалпы экономикалық әсер 798,2 млн. тенгені, оның ішінде 2014 жылы – 306,0 млн. тенгені құрады.

Компания инвестицияны көмір өнімін шығарудың үрдістері мен технологияларын жетілдіруге ғана емес, сонымен қатар, интеллектуалды әлеуетін дамытуға да салып, өз міндеттерін орындайды.

Жеткен нәтижелер:



Бағдарлама аясында оқытылды:



II. КОМПАНИЯ ЖӘНЕ ҚОҒАМ.

Компания белсене қатысады:

➤ Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігі мен Қазақстанның әлеуметтік бағдарланған бизнес-құрылымдары арасындағы Келісімге қосылу жолы арқылы еңбек қатынастары саласындағы ҰҚБ Жаһандық келісім-шартын алға тартуда;

➤ Қазақстан Республикасының индустрия және жаңа технологиялар Министрлігімен, Қазақстан Республикасының көмір өнеркәсібінің жұмысшылар Кәсіподағымен және Қазақстан Республикасының көмір өнеркәсібінің жұмыс берушісімен Салалық (тарифтік) келісім жасау жолы арқылы көмір саласындағы жаңа

технологияларды енгізуге, олардың жұмысшыларының кірістерін өсіруге, өндірісті өсірумен және жетілдіруді ынталандыруға бағытталған әлеуметтік мәселелерді шешуде;

➤ Қазақстан Республикасының индустрия және жаңа технология Министрлігімен мен «Богатырь Көмір» ЖШС арасында Меморандумды жасау жолы арқылы көмір шығаратын кәсіпорынның жұмысшыларын әлеуметтік қорғау және өндірістік үрдістер, бағалы саясатты тұрақтандыру мәселелерінде;

➤ Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында Павлодар облысының әкімдігімен өзара бірлесіп жұмыс жасау туралы Келісіммен сәйкес аймақтардағы әлеуметтік-мағыналы жобаларды іске асыруда.

Аймақты қолдауға және әлеуметтік дамытуға 227,7 млн. тенге жіберілді. Компания адам өмірінің сапасын жақсартуға бағытталған қалалық әлеуметтік бастамаларды дамытуға және қолдауға қатысады, қалалық әлеуметтік бағдарламаларға қатысады.

Екібастұз қаласының Таулы муниципалды округіндегі балалар және спорт алаңдарын көріктендіру бойынша жұмыс жүргізілді. Компаниядағы құрылымдық бөлімшелердің күшімен шағын формаларды сырлау, балалар алаңдарына қоршау орнату және учаскелерді жоспарлау, құмдыққа құм әкелу бойынша жұмыстар орындалды. Қысқы маусымға қалалық хоккей кортына жартылай жөндеу жүргізілді. Шығындардың жалпы сомасы 3,4 млн. тенгені құрады.

2014 жыл бойынша құрылымдық бөлімшелердегі жұмысшылардың күшімен құрылымдық бөлімшелердің бекітілген аумағын көріктендіру және жасылдандыру бойынша жұмыстар жүргізілді, олардың ішінде:

- қалада және құрылымдық бөлімшелерде ағаштар отырғызу – 3215 дана.;
- гүл отырғызу – 22280 дана.;
- көгал алаңдарды қалыптастыру үшін шөптерді егу – 214 кг.

Одан басқа, бекітілген аумақтарды жоспарлау бойынша жұмыстар, көгал алаңдарын және жасыл көшеттерін күту бойынша жұмыстар жүргізілді. Аумақтарды көріктендіруге және жасылдандыруға шығындар 3,9 млн. тенгені құрады. Қысқы кезең басталғаннан бастап, өткен жылдардағыдай, қалалық бақта Жаңажылдық мұз айдыны және мұз мүсіндері орнатты, қысқы кезең ішінде шефтік хоккей кортына құю жүргізілді.

Компания жыл сайын қалалық қайырымдылық марафондарға қатысады, қала мен облыстың білім және спорт мекемелеріне, қоғамдық қорларына ақысыз көмек көрсетеді. Есеп беру жылы демеушілік және қайырымдылық мақсаттарға барлығы 356,7 млн. тенге жұмсалды.

III. ӘЛЕУМЕТТІК-ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ.

3.1. Еңбек ақы төлеу жүйесі және жұмысшыларды ынталандыру.

Компаниядағы жұмысшыларды ынталандыру жүйесі еңбек сапасын, өнімділігін, шығармашылықты тануды, орындаушылықты және бастамаларды, тиімді қызметке жағдай жасайтын және Компанияның стратегиялық мақсаттарына жетуге әкелетін барлық қасиеттерді ынталандыруға бағытталған. Екібастұз қаласының еңбек нарығындағы қатал бәсекелестік жағдайында, құрамды тарту және ұстау үшін ынталандыру әр адамның жұмысына тек жалақы үшін ғана емес, өзінің күнделікті қызметінде аса жоғары нәтижелер алатындай, дәл біздің Компанияда жұмыс істеу ынтасы, Компания басшылығына қатынаста жақсы болатындай жұмысшыларды ынталандыру қажет. Ынталандыру жүйесі – бұл Компаниямызда жұмыс істейтін адамдардың ішкі қажеттілігімен құндылықтарына бағытталған, нарық қатынасына, құрамды басқарудың инновациялық әдістеріне теңбе-тең және икемді болу үшін үнемі жетілдірілетін арнайы ісшаралар.

Жұмысшыларды ынталандыру ұстанымдары:

- Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес;
- Компанияны дамытудағы ұзақмерзімді жоспармен және стратегиямен сәйкес;
- айқындылық;
- объектілік;
- әділдік;
- конкурентоспособность.

Еңбек ақы Компанияның өндірістік және қаржылай нәтижелеріне байланысты реттеледі.

Компания жұмысшыларының еңбек ақысын ұйымдастыру еңбек шартында тіркелетін және есеп беру кезеңі ішінде жұмыс істеген уақыттан байланысты кепілді еңбек ақы мөлшерін, тарифтік жалақыларды пайдалану негізінде құрылады. Одан басқа, негізгі еңбек ақы түнгі уақыттағы (22:00-ден таңғы 06:00-ге дейін)жұмыс үшін қосымша төлемдерден, тұрақты сипаттағы айсайынғы сыйақылардан, демалыс және мереке күндері үшін жұмысқа қосымша төлемдерден, жоғары біліктілікпен кәсіби шеберлікке үстемелерден тұрады. Негізгі еңбек ақының үлесі жұмысшылардың біржолғы төлемдерді есептеуінсіз орташа айлық еңбек ақысының 75% құрайды. Сонымен қатар еңбек ақы жұмыстың ағымдағы нәтижелерін ынталандырудан, кәсіби мерекелерге, мерей тойларға біржолғы төлемдерден, басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және ұжымдық шартпен қарастырылған ынталандыратын төлемдерден, қосымшалардан, үстемелерден, әлеуметтік төлемдермен өтемақылардан тұрады.

Кәсіби шеберлікті көтеруді ынталандыру, материалдық мүдделілік және еңбек сапасы мен белгіленген өндірістік тапсырмаларды орындау жауапкершілігін арттыру мақсатында тарифтік мөлшерлемелер мен лауазымдық қызметақыларға жоғары кәсіби шеберлік пен жоғары біліктілік үшін тарифтік мөлшерлеменің, айлық ақының 10%-нан 50%-на дейін сараланған үстемелер енгізіледі. Қызметкерлерге мамандықтарды, лауазымдарды қоса атқарғаны үшін, аз адам санымен жұмыс істегені үшін, уақытша жұмыста жоқ қызметкер үшін жұмыс істегеніне қосымша ақы белгіленеді.

Жыл сайын статистикалық органдардың мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасындағы (Павлодар облысындағы) инфляция қарқынына сәйкес тарифтік мөлшерлемер мен қызметақыларды индекстеу жүргізіліп отырады. «Самұрық-Қазына» ҰҚ келісімімен және Елбасының бұйрығымен сәйкес, 2014 жылдың 1 қаңтарынан Компанияның жұмысшыларына тарифтік мөлшерлемелер(жалақылар) 5 %-ға индекстеленді, ал 1 сәуірден бастап 10%-ға өсті. 2014 жылы орташа айлық еңбекақы 142,5 мың теңгені құрады.

Жеке құрамды басқару саясатында, қызметкерлерді ынталандыру жүйесінде жөндеу жұмысының сандық және сапалық көрсеткіштерін орындағаны үшін, технологиялық құрал-жабдықтың өнімділігі үшін, аса маңызды өндірістік тапсырманы орындағаны үшін, өндірістік қуаттар мен құрылыс объектілерін іске қосқаны үшін, өндірістегі шығындарды азайту бойынша ұсыныстары үшін, табыстылық үшін және басқалар үшін сыйлықақы беру маңызды орын алады.

Ынталандыру жүйесі ай сайын талданады, жасалған қорытынды негізінде кезеңмен жанартылады. Қорытындысында – жұмысшыларды өндірістік еңбекке ынталандыру жүйесі үздіксіз үрдісті көрсетеді.

Компанияда нақты нәтижелерге жетуге бағытталған бірыңғай мәдениет қалыптасқан. Алға қойған міндеттеріне жетудегі жұмысшылардың қызығушылықтары, өзін-өзі іске асыру үшін жағдайлар жасалады.

Экскаваторлы бригадаларды ынталандыру бойынша сынақты жалғастыра отыра, 5 экскаваторлардың бригадаларымен 2014 жылға арналған өндірістік тапсырмаларды орнату туралы Шарт жасалды. Бір жылдық қызметтің нәтижесі бойынша бригада

мүшелеріне сыйақы төленді: ЭКГ-15М № 1901 көлемдік көрсеткіштерді 103,6%-ға орындағаны үшін 3,9 айлық тарифтік ақылар мөлшерінде, ЭКГ-15М №1902 - 3,6 (102,4%), ЭКГ-12УСМ№1603 - 3,9 (103,8%), ЭКГ-12УСМ №1604 - 4,5 (105,2%), ЭКГ-12УСМ №1605 - 5,0 (107,4%) сомасы 21,7 млн. тенге. Салтанатты түрде алғыс хаттар табыс етілді және 2015 жылға шарт жасалды.

2014 жылғы жалпы нәтиже үшін жеке жауапкершілік сезімін көтеруге құрамды ынталандыру үшін әр жұмыс орнында еңбек өнімділігінің өсуіне, тау кен көліктік жабдықтарын тиімді пайдалануға бағытталған «Компанияның жұмысшыларын өндірістік тапсырмаларды орындағаны және еңбек өнімділігін өсіргені үшін сыйақы беру туралы ереже» әрекетте болды. Осы Ереже бойынша сыйақы мөлшері 172,4 млн. тенгені құрады.

2010 жылдан орындалатын жұмыстың сапасын және өнімділігін арттыру, құрамды дамыту және құрамды басқарудың озық үлгілерін енгізу мақсатында «Богатырь Көмір» ЖШС адам ресурстарын басқару саласындағы негізгі бизнес-үрдістердің бірі әрекет етуде – құрам қызметінің тиімділігін бағалау.

Қызмет тиімділігін бағалау – негізінде қызметкерлермен қойылған мақсаттарға жетудің және ұйымдастырушылық құзыретке қажетті деңгейге сәйкестіктің тұрақты мониторингісі және коммуникациясы жатқан ұйымның тиімділігін үздіксіз көтеру үрдісі. Бұл барлық қызметкерлерді Компанияның стратегиясын іске асырудың бірыңғай үрдісіне тартуға, сонымен қатар ұйымдастырушылық мәдениетті дамытуға бағытталған.

Жобаларды енгізу аясында алған нәтижелер негізінде есеп беру жылында кадрларды ауыстыру, лауазымын көтеру, кадр резервтерін құру жүргізілді.

Төменде «Богатырь Көмір» ЖШС басшылар, мамандар және қызметшілер құрамының қызмет тиімділік бағамен қамтудың 2010-2014 жылдар ішіндегі салыстыру кестесі берілген.

№	Кезең	Басшылардың, мамандардың және қызметшілердің бары, адам.	Бағамен қамтылған қызметкерлер саны, адам.	Қамту деңгейі, %
1	2010	1586	120	7,6
2	2011	1594	383	24,0
3	2012	1593	412	25,9
4	2013	1608	477	29,7
5	2014	1588	470	29,6

Компанияның құрамға еңбек ақы төлеу бюджеті құрамында бекітілген бөлімшелер бойынша қаражат шегінде, қойылған мақсатқа жеткен жұмысшыларды ынталандыру жүргізіледі. Құрам тиімділігін бағалау жүйесі үнемі жетілдіріледі.

3.2. Бірлескен мәдениет.

Компанияның аса маңызды артықшылығының бірі - бірлескен рух құру үшін Компания дәстүрлерін енгізу және нығайту болып табылады. «Бірлескен этика кодексі» жалпы жүйенің кілтті белгілерін анықтайтын негізгі құжаты болып табылады. Компанияның этикалық ұстанымдары және стандарттары оның құндылықтарына негізделген, оның ішінде басты орында, адамдарға деген құрмет, сенім, моральды жауапкершілік, Компания ішкі және сыртқы қатынасындағы адалдық, ашықтық, кәсібилік.

Жаңадан жұмысқа қабылдаған жұмысшыларды үздік бейімдеу мақсатында оларға жол нұсқаушы- парақшасы беріледі. Онда Компания туралы, әрекет етуші жеңілдіктермен кепілдімелер туралы қысқаша мәлімет келтірілген.

Екібастұз тас көмір кен орындарының дамуымен танысу үшін және Компаниядағы кеншілер еңбегін насихаттау мақсатында 2009 жылдың 25 желтоқсанында «Еңбек даңқы»

залының ашылуы болды. Бұл оқиға Екібастұз көмір кен орындарының құрылуына 55-жыл толуын мерекелеу күніне арналды.

«Еңбек даңқы» залының жұмысының негізгі бағыттары көмір өнеркәсібіндегі ардагерлер туралы естелікті құрметтеуге тәрбиелеу, ұрпақ сабақтастығын сақтау болып табылады.

«Еңбек даңқы» залының экспозициясы Екібастұз көмір алыбының даму тарихын жүргізеді және оның дамуының жанашыл кезеңдерінен, көмір жеткізудің географиясынан және өндірісті жетілдіруден көрініс береді. Компанияның дамуындағы биік жетістіктер экспозициялық материалдар куәландыратын (фотосуреттер, наградалар, мақалалар) құрамның қатысуымен ғана мүмкін болды. Экспозициядағы аса маңызды рөл Компанияның әлеуметтік саясатына бөлінген.

Құрамға деген қамқорлық – бірлескен мәдениеттің негізі. Мұндай курс жұмысшылардың жеке мүдделеріне сияқты, жалпы міндеттерге де жауап береді.

Компания тек материалды ғана емес, сонымен бірге жұмысшыларды моральды ынталандырудың әр түрін белсенді түрде пайдаланады. Кәсіби мерекелерге «Мамандығы бойынша ең үздік» байқаулары өткізіледі. Нәтижесінде жеңімпаздар марапатталады.

Жылына бір рет «Жылдың ең үздік тәлімгерін» анықтау және байқау жүргізіледі және оларға құрмет көрсетіледі және марапатталады.

Адал еңбегі және жоғары кәсібилігі үшін жұмысшылар мемлекеттік, ведомстволық, корпоративті наградалармен және атақтармен марапатталады.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеумен байланысты «Ерең еңбегі үшін» (За трудовое отличие) төсбелгісі мемлекеттік наградасымен 2 адам және «Богатырь Көмір» ЖШС құрмет грамотасымен 13 адам марапатталды.

«Шахтер күні» кәсіби мерекесіне наградалар мен атақтарды 390 адам алды, оның ішінде:

- «Көмір өнеркәсібінің құрметті жұмысшысы» атағы - 16 адам.;
- «Шахтер Даңқы» төсбелгісі - 145 адам.;
- «Еңбек даңқы» төсбелгісі - 71 адам.;
- Облыс және қала Мәслихаттарымен Әкімдіктерінің құрмет грамоталарымен алғыс хаттары - 12 адам.;
- Компанияның Құрмет грамоталары - 119 адам.;
- «Компанияның ең үздік жұмысшысы» - 17 адам.;
- Казэнерджи Ассоциациясының Құрмет грамотасымен төсбелгісі - 5 адам.;
- «Самұрық-Энерго» АҚ Құрмет грамотасы - 5 адам.

Ресей Федерациясының «Құрметті Шахтер» төсбелгісімен бас директор Щукин В.К. наградталды.

Кеншілер мамандықтарының кәсіби беделін көтеру, оларды әйгілі етуді қамтамасыз ету, ынталандыру мақсатында негізгі жұмыс мамандықтары арасында «Мамандығы бойынша ең үздік» үш байқау өткізілді:

- «Богатырь» кенішінде - экскаватор машинистері арасында;
- Богатырь жүк тиеу-тасымалдау басқармасында - тартқыш агрегаттары мен тепловоздар машинистері арасында;
- Технологиялық көлік басқармасында – үлкен жүкті автомобильдің жүргізушілері арасында.

Байқауларда, жалпы, 75 жұмысшы қатысты, оның 45-сі жүлделі орындар алды.

2014 жылы алғаш рет «Мамандығы бойынша ең үздік» аталымы 29 жасқа дейінгі жастар арасында бекітілді. Бұл аталымда 12 жас жұмысшылар қатысты, оның 8-і жүлделі орындар алды. Байқаудың қатысушылары қатысқандары үшін ынталандыру сыйлықтарын алды, ал жеңімпаздар жүлделі кубоктармен, Құрмет грамоталарымен және ақшалай сыйақылармен наградталды.

Қазақстан Республикасында алғаш рет 2014 жылдың қыркүйегіндегі соңғы жексенбіде еңбек күні аталып өтуде. Қоғамдағы еңбек Адамының беделін көтеру, еңбек өнімділігін ынталандыру, жұмыс мамандықтарын насихаттау және жастарды өндірс

саласына тарту мақсатында жұмыс әулетінің көп жылғы дәстүрімен байқау өткізілді: Компанияның екі еңбек әулеті Грамоталармен және бағалы сыйлықтармен наградталды.

«Еңбек күні» мерекесіне орай «Еңбек ардагері» (Ветеран труда) наградасы енгізілді. Жұмыс адамы үшін бұл өте маңызды награда, өйткені, бұл тек жұмыс мамандықтарын нығайтуға және көтеруге ғана емес, сонымен бірге жұмыс мамандығына деген құрметке бағытталған. «Еңбек ардагері» (Ветеран труда) наградасына 2 адам ие болды.

Компаниямен «Шахтер күні» кәсіби мерекесіне, Жаңа жыл, 8 Наурыз және кәсіпорынның мерейтой иелеріне арналған бірлескен ісшаралар өткізілді.

Уақтылы және нақты кері байланыс алу үшін, құрамның қанағаттанушылығына сұраулар жүргізіледі. 2014 жылы құрамның қанағаттанушылық деңгейі 76,8 % құрады, бұл «жақсы» деген бағаға лайық.

3.3. Құрамды оқыту және дамыту.

Оқу үрдістерін сапалы жоспарлауға, енгізуге және тұрақты мониторингісіне кешендік амалды жүзеге асыру үшін Компанияның өз меншігінде Компания жұмысшыларын кәсіби дамытатын келесі бағдарламаларды іске асыратын Оқыту-курстық комбинаты бар:

- жаңа жұмысшы мамандықтар даярлау;
- бір мамандықтан басқа бір мамандыққа қайта даярлау;
- екінші (сабақтас) мамандықтарға оқыту;
- біліктілікті (категорияны, разрядты) көтеру;
- еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласына қызметкерлерді оқыту;
- өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі саласына қызметкерлерді оқыту;
- мамандандырылған курстар;
- семинарлар, тренингтер, мастер- класстар.

Оқыту-курстық қызметін жүргізу үшін рұқсаттама құжаттары алынды. Сонымен қатар 147 жұмыс мамандығы бойынша өндірісте оқыту процестерін тікелей ұйымдастыруды анықтайын нормалар, әдістемелік ұсыныстар және нұсқаулар дербес әзірленді.

Оқыту-курстық комбинатының жанында методикалық кабинеттен, оқу дәрісханаларынан, техникалық кітапханадан, автоматтандырылған және көп атқарымдылық кешендерден тұратын оқыту-өндірістік базасы құрылды. Құрылымдық бөлімшелердің тікелей өзінде оқыту пункттері жұмыс жасайды. Өндірістік практикадан өтуге арналған жұмыс орындары құрылды.

Оқытушылар құрамы бас және жетекші мамандардан, Компанияның құрылымдық бөлімшелері басшыларынан құралған. Теоретикалық сабақтар мен консультацияларды өткізу үшін жыл сайын шамамен 260 адам жұмысқа тартылады. Өндірістік практиканы тәлімгерлер жүргізеді. Олардың құрылымдық бөлімшелердегі саны 1000-нан астам адам.


Кәсіби оқыту біліктілік талаптарын, оқу пәнінің көлемін және оқыту процедураларын ұйымдастыруды есепке ала отырып, Әдістемелік кабинет әзірлеген оқу бағдарламалары негізінде мынадай формалар бойынша жүзеге асырылады: жаңа мамандықтар даярлау, бір мамандықтан басқа бір мамандыққа қайта даярлау, сабақтас (қоса атқарылатын) мамандықтарға оқыту және біліктілікті (категорияны, разрядты) көтеру. Оқу бағдарламалары оқытудың курстық, жеке және инновациялық әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Қосымша кәсіби оқыту




Оқыту-курстық комбинаттың әдістемелік кабинеті Компанияның бас мамандарымен бірлесе отырып, 100-ден аса оқу бағдарламасын және жоспарларын әзірледі.

Қауіпсіздік жән еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудың модульді жүйесі



Қауіпті өндірістік объектілерде жұмысшылардың қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы білімдерін тексеруге және оқытуды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілерін орындауға кешендік модульдік жағынан қарауды анықтайтын және оқу жобаларын жоспарлау және іске асыру, жеке құрамның дайындық деңгейіне талдау жүргізу үшін мүмкіндік беретін білімді тексеру, нұсқаулық беру және оқытуды өткізудің бірыңғай тәртібі белгіленді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудың негізгі құрастыратын жүйесі:



Оқыту бағдарламаларына дәріс сабақтары, практикалық дайындық және дистанциялық оқыту енеді.

«Богатырь Көмір» ЖШС тұрақты-әрекет етуші емтихан комиссиясы өндіріс өзгешелігін ескеретін қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілер талаптары көлемінде жұмысшының білімдерін кешендік тексерудің ұстанымдарын басшылыққа алады.

Жыл сайын осы оқыту жобасын іске асыру аясында Компания қызметкерлерінің 90 пайызы оқудан және білімін тексеруден өтеді.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасы аумағында және халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарының жүргізушілерін дайындайтын арнайы курстар өткізіліп тұрады.

2012 жылдың қыркүйек айында, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қолдауымен Серіктестікке кәсіби оқытудың екі жақты (дуальный) жүйесін енгізу жобасы басталды. Әлеуметтік серіктес ретінде Қ.Пішембаев атындағы № 18 Екібастұз колледжі таңдап алынды. Оқу ұйымымен бірлесе отырып «құрал-жабдықты жөндейтін және оған қызмет көрсететін электрослесарь» жұмысшы мамандығы анықталып, 18 оқушыдан тұратын топ құрылды.

2013 жылы, мерзімі үш жылға, басшылық лауазымдарға және желідегі басшылар лауазымына кадр резервтері қалыптасты. Кадр резерві бос орынды лауазымдарды ауыстырудың ішкі қайнар көзі болып табылады. Басшылық қызметке ұсыну үшін жұмысшылар тізімі - 59 адам және желідегі басшылар қызметіне ұсыну үшін жұмысшылар тізімі - 114 адам бекітілді. Резервтер тізімінен басқарушылық қызметке 7 қызметкер тағайындалды.

«Богатырь Көмір» ЖШС техникалық және кәсіби білім, кадрларды даярлау саласында қалалық және облыстық оқу орындарымен өзара әрекет етуде: Қ.Сәтпаев атындағы инженерлі-техникалық институты, Екібастұз инженерлі-техникалық институттың колледжі, Екібастұз политехникалық колледж, Пішембаев атындағы тау-кен –техникалық колледжі, Екібастұз құрылыс-техникалық колледжі, Павлодар мемлекеттік

университеті, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Инновациялық Евразиялық университеті.

Әлеуметтік серіктестік туралы ұзақмерзімді Келісімге және Екібастұз политехникалық колледжі, Пішембаев атындағы тау-кен –техникалық колледжі туралы Меморандумға, Қ.Сәтпаев атындағы инженерлі-техникалық институты мен Қарағанды мемлекеттік техникалық университетімен бірлесіп жұмыс жасау туралы Келісімге, «Балалар үйі түлектерінің өмірімен карьерасын жоспарлау» жобасы аясында бірлесіп жұмыс жасау туралы Меморандумға қол қойылды.

Әлеуметтік серіктестік мақсаты – бұл кәсіби дайындықтың сапасын көтеру, өндірісте тапшы жоғары білікті мамандармен жұмыс кадрларына ағымдағы және келешектегі қажеттілікке қанағаттану.

Құрамды оқытуға және біліктілігін көтеруге көп көңіл бөлінуде.

303 қызметкер - біліктілікті көтеру курсының сыртқы оқытуынан өтті, семинармен тренингтерге қатысты және кәсіби дамудан өтті. Шығындар 86 млн. тенгені құрады.

«Богатырь Көмір» ЖШС-де жұмыс істеуге тау-кен, теміржол, автомобиль және техникалық профилдің дарынды жас мамандардың тарту үшін «Оқу орындарының түлектерін қабылдау және жұмысқа орналастыру жөніндегі ереже» қолданылады. Аса жетіспейтін мамандықтар тізімі бекітіліп, алдын ала жеңілдіктер қарастырылған. Жас мамандармен 5 жылға еңбек шарты жасалады, оларға жұмыс орнына дейінгі жол ақысы, көтерме ақы төленеді және тұрғын үй ақысын төлеуге жұмсалған шығын қайтарылады. Сондай-ақ, тұрғын үй сатып алуға пайызсыз несие беріледі.

2014 жыл бойы жұмыс істейтін құрамның 51,7% жоғары және орта арнаулы білімі бар.

3.4. Мемлекеттік тілді дамыту және қолдану.

Қазақ тілінің білім деңгейін көтеру мақсатымен Компаниямен жыл сайын миллионнан аса қаражат бөлінеді. Мемлекеттік тілді дамыту және қолдану тобы құрылды. Тілді енгізу және дамытудың жаңа ережесі, жаңа бағдарламасы әзірленді. «Қазақ халқының этномәдени кабинеті» ашылу салтанаты өтті. Компанияда Қазақстан халқының тілдер Күніне, Тәуелсіздік Күніне, Наурыз мейрамын тойлауға арналған ісшаралар өткізіледі. Мемлекеттік тілді табысты меңгерген Компания қызметкерлерін ынталандыру жүзеге асырылады.

«Богатырь Көмір» ЖШС қызметкерлеріне қазақ тілін үйрету үшін арнайы жабдықталған кабинет жылсайынғы өткізілетін қалалық конкурстың қорытындысы бойынша 2014 жылы екібастұз ұйымдарымен мекемелерінің оқу кластары арасында ең үздік деп танылды. Ал көмір алыбының өзі қызметкерлер арасында мемлекеттік тілді насихаттау жоспарында көшбасшы атанды.

Шәкен Аймановтың 100-жылдығына арналған «Ұлы күн – ұлы адамдар» тақырыбын ашумен «Наурыз мейрамын» мерекелеу бойынша қалалық ісшара өткізілді. «Богатырь Көмір» ЖШС ең үздік киіз үйдің байқауында бас жүлдені жеңіп алды.

2013 жылдың қыркүйегінен 2014 жылдың мамыр бойынша Компания жұмысшыларына бекітілген бағдарламасына сәйкес қазақ тілін оқыту сабақтары өткізілді. Қазақ тілін оқыту курсы аяқталған соң, топтың барлық оқушыларына қазақ тілінің А-1 бастапқы деңгейі бағдарламасын табысты меңгергендігі үшін сертификаттар және «Тілге деген құрмет үшін» жазуымен естелік мүсіншісі табыс етілді.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінен бүгінгі күнде қазақ тілін үйрету үшін оқу құралдары, сөздіктер, дискілер, яғни қажетті кітаптар жалпы сомасы 150,0 мың тенгеге сатып алынды, қазақ тілінің жеке кабинеті сомасы 100,0 мың тенгеге жабдықталды, 150,0 мың тенге мемлекеттік тілді білуге арналған конкурсты өткізуге пайдаланылды.

2013 жылдан бастап, жыл сайын ҚР «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» 11.07.97 жылғы Заңына сәйкес, екі тілде мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасы әзірленеді және бас директоромен бекітіледі. Бұл бағдарлама ҚР тілдер туралы Заңына

сәйкес, «Богатырь Көмір» ЖШС мемлекеттік тілде ісжүргізуді енгізуге дайындықты, мемлекеттік тілге оқытуды ұйымдастыруын және оны пайдалану аясын кеңейтуді қарастырады.

«Богатырь Көмір» ЖШС мемлекеттік тілді пайдаланудың аясын кеңейтуде және мәртебесін көтеруде өз үлесін қосады. Оған дәлел, қазақ тілін үйренуге деген қызығушылық күн сайын өсуде. Биылғы оқу жылында компанияда қазақ тілі курсына 207 адам қатысады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп. Жұмысшылар арасында мемлекеттік тілді көпшілікке жария ету компания басшылығы жүргізген тіл саясатының арқасында жүзеге асуда.

«Тіл туралы» Заңның қабылдауының 25-жылдығына орай, «богатырліктерге» бірінші орын үшін диплом және «Мемлекеттік тілді насихаттайтын ең үздік кәсіпорын» аталымы бұйырды.

Мемлекеттік тілде кезеңдік басылымдарға («Отарқа», «Сарыарқа самалы», «Егемен Қазақстан» газеттеріне). жазылу науқаны сомасы 1,0 млн. тенгеге өткізілді.

3.5. Кәсіподақпен өзара әрекеттену. Ұжымдық шарт.

Компания әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу бойынша жүйелі іс-шараларды жүзеге асыра отырып, еңбек ұжымдарында тұрақты әлеуметтік жағдайдың сақталуына ерекше көңіл бөледі. Кәсіпорын әлеуметтік серіктестік ұстанымдарында негізделген кәсіби одақтармен өзара іс-әрекетті дамытады және қолдайды.

Кәсіби одақтармен өзара іс-әрекет келесі деңгейлерде орнатылады:

- салалық – көмір саласындағы жұмыскерлер кәсіподағының орталық органдарымен;
- аумақтық – кәсіподақтың аумақтық органдарымен;
- кәсіпорын деңгейінде – алғашқы кәсіподақ құрылымдарымен.

«Богатырь Көмір» ЖШС Қазақстан Республикасы көмір өнеркәсібінің Жұмысберушісі және көмір өнеркәсібінің жұмысшылар Кәсіподағы, өнеркәсіп және жаңа технология Министрлігі арасындағы Салалық (тарифтік) келісімнің қатысушыларының бірі болып табылады.

Еңбек ұжымының мәжілісінде 2011 жылғы 10 маусымда қабылданған «Еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу бойынша Серіктестік әкімшілігімен жұмыскерлер ұжымы арасындағы 2011-2014 жылдарға арналған ұжымдық келісім-шарт» әкімшілікпен жұмыскерлер ұжымы арасындағы еңбек және әлеуметтік қатынастарды реттейтін құқықтық актісі болып табылады.

Ұжымдық келісім-шарт әлеуметтік, экономикалық құқықтарды және еңбекшілердің заңды мүдделерін қорғауға, тиімді жұмыстарды қамтамасыз етуге, ұжымдық келісім-шартқа қол қойған екі жақтың өзара жауапкершілігін көтеруге бағытталды. Сонымен қатар еңбек қатынастары, жұмыс уақыты, демалыс уақыты, еңбек ақы төлеу, әлеуметтік кепілдемелер, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, жастармен жұмыс, жұмыспен қамту мәселелерін қамтыған екі жақтың өзара міндеттері қаралған.

Ұжымдық келісім-шартта міндетті мемлекеттік кепіл сияқты еңбек қатынастары саласында қосымша еңбек төлемі және еңбек қауіпсіздігі қаралған және толық көлемде орындалады.

Жеңілдікті жүзеге асырудың негізгі бағыттары:

- зейнеткерлікке шығу кезінде біржолғы жәрдемақы, мерейтой күніне орай ынталандыру;
- операциялық емдеуге дейін және емдеуден кейін операция құнын жарым-жарты өтемақы;
- шипажай-курортты емделуге жеңілдік жолдама беру;
- аз қамтамасыз етілген, көп балалы жұмыскерлердің балаларына тегін жолдама;
- пеш жылуы бар үйлерде тұратын кеншілердің жесірлерін, жұмыс істемейтін зейнеткерлермен мүгедектерді, жұмыскерлерді жылына бір рет көмірмен қамтамасыз ету;

- жұмыскерлермен зейнеткерлерге материалдық көмек;
- жұмыскерлермен олардың балаларын жоғары және орта оқу орындарында оқытуға, жерлеуді ұйымдастыруға, операцияға және тағы басқаларға несие бөлу.
- өндірісте жұмыскер қаза тапқан жағдайда қайтыс болғанның отбасына салықты есептеусіз жылдық еңбекақысының он есе мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төлеу;
- МӘС анықтамасымен расталатын бөтен адамның күтіміне мұқтаж 1 топтағы мүгедекті күтуге төлеу үшін ай сайын ҚР белгіленген аз мөлшердегі жалақы төлеу;
- МӘС анықтамасы бойынша егерде ол соған мұқтаж болып белгіленсе, емделуге, протездеуге және медициналық көмектің басқа да түрлеріне, өндірісте зардап шеккендерге қосымша шығындарды төлеу.

2011 жылдан бастап қосымша, Ұжымдық келісім-шарт бойынша төленеді:

- белгіленген айлық тарифінің, еңбекақы мөлшерінің 50 пайыздан 100 пайызға дейінгі мөлшерде бір жылғы жұмыстың қорытындысы бойынша сыйақы төлеу;
- айлық тарифтің, еңбекақы мөлшерінің 50 пайызы мөлшерінде «Кеншілер күні» кәсіби мереке күніне сыйлық беру;
- Ортаайлық еңбекақы есебінен шығумен, одан асырмай, Серіктестіктегі еңбек өтіліміне байланысты жұмыскерлерге уақытша еңбекке жарамсыз бойынша әлеуметтік жәрдемақының өсуі: 5 жыл еңбек өтілімі кезінде - айлық есептік көрсеткіштің он бес есе мөлшерінде; 5 жылдан 10 жылға дейін - айлық есептік көрсеткіштің жиырма есе мөлшерінде; 10 жылдан аса - айлық есептік көрсеткіштің жиырма бес есе мөлшерінде.

Ұжымдық келісім-шарттың Компанияның бөлімшелерінде әлеуметтік тұрмыстық саланы жақсартуға бағытталған уақтылы жөндеулерді қамтамасыз ету бөлімін орындауда 2014 жылы әлеуметтік сала объектілерін жөндеу және көріктендіру бойынша жұмыстар атқарылды. Компанияның әлеуметтік сала объектілеріне жалпы жүргізілген күрделі және косметикалық жөндеулер сомасы 66,9 млн. тенгеден жоғары болды.

Компанияда құрушысы және ұйымдастырушысы жұмыс берушімен еңбек ұжымы болып табылатын екі қор жұмыс істейді: «Қоғамдық қор» және «Халық Денсаулығы» қоры.

«Богатырь Көмір» қоғамдық қоры жалғызбасты аналарға, мүгедек балаларға, I-III топтардағы мүгедектерге, көпбалалы отбасыларға, аз қамтамасыз етілген жұмыс істемейтін зейнеткерлермен жұмысшыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсетеді. 2012 жылы қормен әлеуметтік көмекті жергілікті қамтуға 57,4 миллион тенге аударылды.


Қоғамдық медициналық қоры қорға қатысатын жұмыскерлердің және олардың отбасы мүшелерінің емделуін төлейді. Компания 2014 жылы медициналық қорға «қатерлі топтағы» жұмыскерлердің емделуі үшін, олардың жарнасына қосымша, жұмыскерлердің емделу құнының жарым-жарты өтемақысы үшін, сонымен қатар қорды жергілікті қамтуға 69,4 миллион тенге бөлді.

Жұмыс істейтін жас отбасылардың, жастардың мәселелерін табысты шешу үшін бөлінеді:

- Компания үшін шиеленіскен тапшылық мамандықтар бойынша оқумен жұмысты бірізгіде қатарынан атқаратын жұмысшыларға 400,0 мың тенгеге дейінгі мөлшерде ЖОО оқуын төлеу;
- 1,5 млн. тенгеге дейін тұрғын үй алуға пайызсыз несие;
- 30,0 мың тенгеге дейінгі мөлшерде бала тууы кезінде пайызсыз несие;
- «Жасыбай» Демалыс Орталығына тегін жолдамалар.

Компанияның қосымша жеңілдіктерімен кепілідерін қоса, әлеуметтік пакет құны 500,0 млн. тенгені құрайды. Әлеуметтік-тұрмыстық тағайындаудың объектілерін жергілікті қамту 254,1 млн. тенгені құрады.

Диаграммада Ұжымдық келісім-шартқа сәйкес әлеуметтік жеңілдіктермен кепілдемелерге шығындар құрылымы ұсынылды.



3.6. Жастар саясаты.

2014 жылы жұмысқа жастардың ішінен 480 адам қабылданды, бұл жанадан қабылданғандардың жалпы санынан 62,6% құрайды. «Богатырь Көмір» ЖІШ атаулы шәкіртақымен гранттар бойынша оқыту» бағдарламасы бойынша 14 түлек жұмысқа орналастырылды, барлық жас жұмысшыларға оқу орындарында берген біліктілігі бойынша жұмыстар ұсынылды.

Компания басшылығы, кадр ресурстарын жанартудың векторын дамытудың бар маңыздылығын сезіне отыра, Компания қатарына жастарды тарту бойынша бар күштерін салуда, Компаниядағы жастар саясатын дамытумен жетілдіруге көп көңіл бөледі. 29 дейінгі жастағы жас жұмысшылардың саны 1472 адамды құрады.

Компанияда тау кен, темір жол, автомобильді, техникалық саладағы дарынды және талантты жас мамандарды, тапшы мамандыққа ие жас жұмысшыларды жұмысқа тарту және бекіту мақсатында, Жастар Бағдарламасы аясында:

- «Оқу орындарының түлектерін қабылдау және жұмысқа орналастыру» Ережесі әрекет етуде;

- тапшы мамандықтардың тізімі бекітілді және жеңілдіктер қарастырылды.

Компания өндірістен қол үзбей жоғары немесе кәсіби білім алуға ниетті жұмысшыларды белсенді түрде қолдайды. Оларға беріледі:

- төленетін оқу демалыстары, оқуды төлеу үшін пайызсыз несие бөлінеді;

- 2013 жылдың қазанынан бекітілген Ережеге сәйкес жас жұмысшыларға тұрғын үй алуға (салуға) пайызсыз несие беріледі.

Компания жыл сайын «Екібастұз қаласының жұмыспен қамту Орталығы» КММ Келісім-шарт жасасады және түлектерді жастар практикасына орналастырады. 2014 жылы жастар практикасынан 12 адам өтті, оның 5-еуі тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылды.

Аз қамтылған отбасыларды қолдау үшін 2014 жылы Компания жазғы кезеңде орта мектептің 8 оқушысын Екібастұз қаласының тау кен округтерімен құрылымдық бірліктердің ӘТК аумағын жасылдандыру бойынша жұмысқа қабылдады. Сонымен қатар Павлодар, Екібастұз және Баянауыл оқу орындарының 83 студенті «Жасыбай» демалыс орталығындағы уақытша жұмыс орындарына келесі жұмыс мамандықтары бойынша қабылданды: ас үй жұмысшысы, тәрбиеші көмекшісі, жүк тасушылар, қызметшілер, қызметтік ғимараттарды жинаушы, аула тазалаушы.

Компания оқу орындарының оқушыларына оқуларына атаулы шәкіртақылар мен гранттар бөледі. Бұл кезең ішінде кәсіби оқытудың 81 оқушысы атаулы шәкірт ақыны (№18 Екібастұз колледжінің 46 оқушысы және Екібастұз политехникалық колледжінің 35 оқушысы), 51 адам грантты (26 студент оқытудың күндізгі бөлімінен және сыртқы бөлімнен Компанияның 25 жұмысшылары) алды. Гранттар Екібастұз инженерлі-техникалық институтына, Павлодар мемлекеттік университетіне, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіне, Екібастұз инженерлі-техникалық институттың колледжіне оқушылар үшін, келесі мамандықтар бойынша оқитындарға бөлінді: Маркшейдерлік іс, Геология, кен орындарының пайдалы қазбаларын жер асты жасау, машина құру технологиясын, Автомобильдер және автомобильді шаруашылық.

Қазақстан Республикасының «ҚР мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы туралы» № 73 үкімін орындауда, Компанияда 2012 жылы бекітілген жас жұмысшыларды әлеуметтік бейімдеуге және олардың кәсіби өсуіне септігін тигізетін Бірлескен Жастар Қозғалысы Бағдарламасы бойынша жұмысты жүргізу жалғасуда.

Әр құрылымдық бөлімшелерде, жастар саясатын іске асыру мақсатымен, осы тәріздес Кеңестер құрылды және БЖҚ қызметін ұйымдастыру бойынша жұмысшы жастар ішінен жауапты тұлғалар анықталды. БЖҚ кәсіпорын әкімшілігімен және кәсіподақ комитетімен бірлесіп, өз ұстанымдарын бекітеді.

Жастарды біріктіру және олардың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында Компанияда дәстүрлі түрде ісшаралар өткізіледі: «Күзгі бал», «Өз жұлдызыңды жақ», «КТК». Жастар қозғалысына қатысушылардың күшімен Халықаралық әйелдер күнінде, «Наурыз» мерекесінде және Компанияның еңбек ұжымының басты мерекесі — Шахтер күнінде ісшаралар өткізіледі. БЖҚ ақпараттық бөлім ашылды, оның құрамына өз ойларын әңгімелер, мақалалар, өлеңдер түрінде жеткізе алатын жас жұмысшылар кіреді. Оларға қозғалыс айналасында БАҚ ортасын құру миссиясы жүктелді, БЖҚ (www.omdbk.kz). веб-сайтының алға жылжуы жүруде. Сайт ойлар инкубаторы, ісшараларды, оқиғаларды талқылау орталығы болып табылады. Мұнда өткен оқиғалар сипатталады және талқыланады, сонымен қатар болатын ісшара жайлы ақпарат орналастырылады.

Жастардың бос уақытылы қызметін, мәдени-бұқаралық жұмыстарын ұйымдастыру және дамыту мақсатында, Компанияның спорттық-сауықтыру кешенінде спорттық ісшаралар өткізіледі. Компанияның жас жұмысшыларымен спорттық-сауықтыру кешеніне қатысуы 30 % құрайды. Спорттық ісшараларға еңбекші жастардың қатысуы - 40-45 %.

IV. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ.

4.1. Апатқа қарсы тұрақтылықты қамтамасыз ету.

«Богатырь Көмір» ЖШС өнеркәсіпті қауіпті объекті бола тұра, апатқа қарсы тұрақтылықтың жағдайын қолдау және қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды үнемі жүргізіп тұрады.

Компанияда «Богатырь Көмір» ЖШС қауіпті өндірістердің қауіпсіздік Декларациясы» әзірленді.

БГП КазНИИ өндірістік қауіпсіздіктің өзге де нормаларында және тау-кен жұмыстарын қауіпсіз енгізу бөлімінде жобалы-техникалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік құжаттаманың нормативтік келісімі үнемі жүргізіледі.

Кәсіпорынның объектілерінде апатты және басқа да төтенше жағдайларды жою және ескерту үшін, жыл сайын апатты-құтқару және техникалық жұмыстарды орындауға ҚР ТЖМ ӨҚ және ТЖ үшін «ЦШ ПВАСС» РМҚК «МВГСО» филиалымен келісім-шарт жасалады. Келісім-шарт аясында қаралды:

➤ кеніш ауасының құрамын, шахтаның және өзге де қызмет көрсететін объектілердің тау-кен қазбаларының шаңдатуымен шаңжарылысының қауіптілігін тексеру

бойынша жоспарлы жұмысты енгізу, жалпы алғанда, кәсіпорынның өрткеқарсы қорғаудың жағдайы;

➤ демді айыратын (шахтаның тау-кен қазбаларында айыратын құрылысты ашу немесе тұрғызу) қорғаушы құралмен арнайы жабдықтауды талап ететін техникалық жұмыстарды орындау;

➤ құрғату шахтасында сияқты, ашық тау-кен жұмыстарында өртпен апатты жағдайлар пайда болған жағдайда жұмыстарды орындау, апатты-құтқару жұмыстарын жүргізу.

